

# Шетелдік сот шешімдерін тану және орындау бойынша халықаралық шарттар және конвенциялар



Кишинев, Киев, Москва, Минск және т.б.  
аймақтық келісім-шарттары

- *Аймақтық келісімшарттар*-белгілі бір нақты географиялық аймаққа тиесілі мемлекеттер қатысушысы болатын және әрекету күші сол аймаққа таралатын келісім.



# Аймақтық сипаттағы халықаралық ұйымдардың ең жарқын мысалы:

## ЕО



- “Соттылық, азаматтық және коммерциялық істер бойынша сот шешімдерін тану және орындау туралы” Регламент

## ТМД



1

• Минкс конвенциясы

2


• Кишинев конвенциясы

3

• Киев конвенциясы

4

• Москва келісімі

- “Соттылық, азаматтық және коммерциялық істер бойынша сот шешімдерін тану және орындау туралы” Регламент
  - Қабылданды: 20.12.2012 жылы
  - Күшіне енді: 09.01.2013 жылы
- 

*Мазмұны: (8 тараудан және 80 баптан тұрады )*

|      |  |
|------|--|
| I    | • Қолдану аясы                         |
| II   | • Соттылық                             |
| III  | • Сот шешімдерін тану және орындау     |
| IV   | • Бейбіт келісімдер мен ресми құжаттар |
| V    | • Жалпы ережелер                       |
| VI   | • Өтпелі ережелер                      |
| VII  | • Басқа құқықтық актілермен байланысы  |
| VIII | • Қорытынды ережелер                   |

- ЕО-ға мүше бір мемлекеттің аумағында қабылданған шешім қандай да бір арнайы рәсімдер қолданылмай ЕО-ға мүше басқа мемлекеттің аумағында танылуы тиіс.

## • Танылмайды егер:

Тану күшіне ену керек болатын мемлекеттің жария тәртібіне қайшы болса;

Жауапкер тиісті дәрежеде хабарланбаса және сол себептен өзін қорғауға мүмкіндігі болмаса;

Сол тараптар арасында тану сұратылатын ЕО мүшесінде шығарылған шешімге қайшы болса;

Тура сол тараптар арасындағы және тура сол негіз бойынша шығарылған х. Сот немесе аралық сот шешіміне қайшы болса.

*1. Қазақстан Республикасымен халықаралық шарт жасасқан шет мемлекеттердің құзыретті органдарына құқықтық көмек көрсету тәртібімен құжаттарды табыс ету, жекелеген процестік әрекеттерді орындау, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру, адамдарды ұстап беру (экстрадициялау), адамдарды уақытша ұстап беру (экстрадициялау), транзиттік тасымалдау, адамдарды уақытша беру, сотталғандарды және психикасының бұзылуынан зардап шегетін, өздеріне медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарды беру, үкімдерді тану және орындау жүргізілуі мүмкін.*

*2. Қазақстан Республикасының халықаралық шартында қылмыстық іс бойынша өзара іс-қимылдың осы Кодексте көзделмеген өзге де нысандары көзделуі мүмкін.*

*3. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың ережелері осы Кодекске қайшы келетін болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.*

# 1993 жылғы 22 қаңтардағы «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы» Минск Конвенциясы

Конвенцияның 53-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының құзыретті сотына бағытталған Қазақстанның аумағында сот шешімін мәжбүрлі орындатуды тану және шешу туралы қолдаухатты ресімдеу қажет. Қолдаухаттың материалдарына мынадай құжаттар қоса ұсынылады:

1. сот шешімі

2. шешімнің заңды күшіне енгендігі туралы анықтама;

3. сот талқылауының күні мен орны туралы жауапкерге тиісінше хабарланғандығы туралы анықтама

4. жөнелту кезінде сот шешімінің орындалғандығы не орындалмағандығы туралы анықтама



«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі – азаматтық хал актілерін, жылжымайтын мүлікке және олармен жасалатын мәмілелерге құқықтарды, заңды тұлғаларды, тіркеу туралы құжаттар, сондай-ақ әділет органдарынан және нотариустардан шығатын өзге де ресми құжаттар бойынша;»;

«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) – соттардың шешімдерін және өзге ресми құжаттарын орындауға байланысты Қазақстан Республикасы соттарының, шет мемлекеттер соттарының тапсырмалары, жеке және заңды тұлғалардың қолдау хаттары бойынша.».

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы жасаған азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі тиісті халықаралық шарттардың депозитарийлерін туралы хабардар етеді.

*«Азаматтық, отбасылық және  
қылмыстық істер бойынша көмек  
пен құқықтық қатынастар туралы  
Конвенция»*

**(Кишинев қ. 07.10.02 ж.)**

**Қол қойғандар:**

**Әзірбайжан Республикасы, Армения  
Республикасы, Беларусь Республикасы, Грузия,  
Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы,  
Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы,  
Украина**

# Құқықтық қорғау

Әрбір Уағдаласушы Тараптың азаматтары, сондай-ақ оның аумағында тұратын басқа да адамдар барлық басқа Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында осы Уағдаласушы Тараптың өз азаматтары сияқты, олардың жеке, мүліктік және мүліктік емес құқықтарын құқықтық қорғауды пайдаланады.

Әрбір Уағдаласушы Тараптардың азаматтары, сондай-ақ оның аумағында тұратын басқа адамдар басқа Уағдаласушы Тараптардың соттарына, прокуратурасына, ішкі істер органдарына, қауіпсіздік органдарына және құзыретіне азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер жататын өзге де мекемелеріне еркін және кедергісіз жүгінуге құқылы, осы Уағдаласушы Тараптың азаматтары сияқты шарттарда оларда сөз сөйлеуге, өтініштер беруге, талаптар ұсынуға және өзге де іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асыра алады.

Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемесі осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсетеді.

Құқықтық көмек тапсырмалар мен осы Конвенцияда көзделген, сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелерінің сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелеріне жіберген өзге де өтініштері негізінде көрсетіледі.

**III Тарау**  
**Шешімдерді тану және орындау**  
*54-59 баптар*



# Шешімдерді тану және орындау

*Әрбір Уағдаласушы Тараптар осы Конвенциямен көзделген шарттарда басқа Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында шығарылған мынадай шешімдерді:*



а) ақша міндеттеріне қатысты нотариаттық актілер мен азаматтық және отбасылық істер бойынша сотпен бекітілген бітімгершілік келісімді қоса, Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелерінің азаматтық және отбасылық істер бойынша шешімдерін (бұдан әрі - шешім);



б) залалды өтеу, айыппұл салу мен тәркілеуге қатысты қылмыстық істер бойынша соттардың үкімдерін (шешімдерін);



в) талап арызды қамтамасыз ету мақсатында банктік шоттардағы ақша қаражаттарын қоса, мүлікке тыйым салу туралы соттардың шешімдерін таниды және орындайды.

## Орындауды талап етпейтін шешімдерді тану

1. Әрбір Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері шығарған және заңды күшіне енген өзінің сипаты бойынша орындауды талап етпейтін шешімдер мынадай жағдайларда:

а) сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелері осы іс бойынша бұрын заңды күшіне енген шешімдер шығармаса;

б) осы Конвенцияға сәйкес, ал онда көзделмеген жағдайларда аумағында шешім танылуға тиіс Уағдаласушы Тараптың заңына сәйкес іс осы Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің ерекше құзыретіне жатпаса, басқа Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында арнайы іс жүргізусіз танылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері, сондай-ақ аумағында шешім шығарылған Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес құзыретті мекемелері шығарған қамқоршылық пен қорғаншылық туралы шешімдерге және некені бұзу туралы шешімдерге қатысты.

## Шешімдерді тану және орындау туралы өтініш

1. Шешімдерді тану және орындау туралы өтініш пайдасына шешім шығарылған тарап шешім орындалуға жататын Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотына береді. Ол бірінші сатыда іс бойынша шешім шығарған сотқа берілуі мүмкін. Осы сот өзінің шешімін тану және орындау туралы өтінішті өтініш бойынша шешім шығаруға құзыретті сотқа жібереді.

### 2. Өтінішке:

а) шешім немесе оның куәландырылған көшірмесі, сондай-ақ шешім заңды күшіне енгендігі және орындалуға жататындығы туралы, немесе егер бұл шешімнің өзінен туындамаса, ол заңды күшіне енгенше орындалуға жататындығы туралы ресми құжат;

б) процеске қатыспаған қарсы шешім шығарылған тараптың тиісті тәртіппен және уақтылы сотқа шақырылғандығы жөніндегі, ал оның іс жүргізу қабілетсіздігі жағдайында тиісті түрде ұсынылғандығы туралы құжат;

в) оны жөнелту сәтінде шешімнің ішінара орындалуын растайтын құжат;

г) шарттық соттылық істер жөніндегі тараптардың келісімін растайтын құжат қоса тіркеледі.

3. Шешімді тану және орындау туралы өтініштің және оған қоса тіркелген құжаттардың сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың тіліне немесе орыс тіліне аудармасы куәландырылып қоса беріледі.

# *Шешімдерді тану және орындау тәртібі*

*Осы Конвенцияның 54-бабында көзделген шешімдерді тану және орындау туралы өтінішті аумағында орындауды жүзеге асыратын Уағдаласушы Тараптың соты қарайды.*

*Шешімді тану және орындау туралы өтінішті қараған сот осы Конвенцияда көзделген шарттардың сақталуын белгілеумен шектеледі. Егер шарттар сақталған болса, сот орындау туралы шешім қабылдайды.*

*Шешімдерді тану және орындау тәртібі аумағында орындалу жүзеге асырылатын Уағдаласушы Тараптың заңы бойынша белгіленеді.*



# Шешімдерді танудан және орындаудан бас тарту негіздері

Осы Конвенцияның 54-бабында көзделген шешімдер оларды танудан және орындаудан бас тартылуы мүмкін мына жағдайларда:

а) шешім осы Конвенцияда белгіленген ережелерді бұза отырып шығарылған болса;

б) заңды күшіне енгенге дейін орындалуға жататын шешімдерді қоспағанда, аумағында шешім шығарылған Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес, ол заңды күшіне енбеген және орындалуға жатпайтын болса;

в) жауапкер оған немесе оның өкіліне уақытында және тиісті түрде сотқа шақыру тапсырмау салдарынан процеске қатыспаса;

г) шешімді тануға және орындауға тиіс Уағдаласушы Тараптың аумағында сол тараптардың арасындағы іс бойынша, осы мән туралы және осы негіздер бойынша заңды күшіне енген шешім бұрын шығарылған немесе үшінші мемлекет сотының танылған шешімі бар не осы Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі осы іс бойынша басқа Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің шешімді тану және орындау туралы өтініші түскен кезде аяқталмаған іс жүргізуді бұрын қозғаған болса;

д) осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес, ал оларда көзделмеген жағдайларда аумағында шешім танылуға және орындалуға тиіс Уағдаласушы Тараптың заңына сәйкес іс оның әділет мекемесінің ерекше құзыретіне жататын болса;

е) шарттық соттылық туралы тараптардың келісімін растайтын құжат болмаса;

ж) сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарында көзделген орындаудың талап мерзімі өтіп кетсе;

з) шешімді тану және орындау сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың көпшілік тәртіптеріне қайшы келсе



## Конвенцияның қолдану

мерз Конвенцияның қолдану

мерзі Конвенцияның қолдану

мерзім Конвенцияның қолдану мерзімі

1. Осы Конвенция оның күшіне енген күннен бастап бес жыл ішінде әрекет жасайды. Осы мерзім аяқталған соң Конвенция автоматты түрде әрбір жаңа бесжылдық кезеңге ұзартылады. 2. Әрбір Уағдаласушы Тарап депозитарийге оның әрекетінің тиісті бесжылдық кезеңі аяқталғанға дейін 12 ай бұрын бұл туралы жазбаша хабарлап, осы Конвенциядан шыға алады.

## Өзгертілген және бұзылған

үкімдерді орындау

1. Егер үкімді орындау процесінде ол аумағында үкім қаулы етілген Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотымен өзгертілсе, шешім көшірмесі үкімді орындаушы Уағдаласушы Тарапқа осы Конвенцияның талаптарына сәйкес осындай шешімді орындау туралы мәселені шешу үшін тезарада жіберіледі.

2. Егер үкімді орындау процесінде ол аумағында үкім қаулы етілген Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотымен қылмыстық істі қысқартумен бұзылса, шешім көшірмесі үкімді орындаушы Уағдаласушы Тараптың құзыретті органы орындау үшін тезарада жіберіледі.

3. Егер орындау процесінде үкім бұзылса, және жаңа тергеу немесе сот талқылауы тағайындалса, онда осы шешімнің көшірмесі, қылмыстық істің материалдары және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма осы Конвенцияның 92-бабына сәйкес үкімді орындаушы Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесіне жіберіледі.

## *Құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманы орындау тәртібі*



Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманы орындау кезінде өзінің Уағдаласушы Тарабының заңнамасын қолданады. Сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің өтініші бойынша ол сұрау салған Уағдаласушы Тараптың іс жүргізу нормаларын, егер олар сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарына қайшы келмесе қолдана алады. Бұл ретте сұрау салған Уағдаласушы Тарап іс жүргізу заңының мәтінін ұсынуға тиіс.

# *Құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманы орындау тәртібі*

*Егер сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі тапсырманы орындауға құзыретті болмаса, онда ол 5 күн мерзімде оны құзыретті әділет мекемесіне жібереді және ол туралы сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесіне хабарлайды.*



*1998 жыл 6 наурыз “Москва келісімі”  
Шаруашылық және экономикалық атқарушы істер бойынша ТМД  
мемлекеттерінің өзара келісімі*

2-бап

Құзыретті сот шешімі орындалуға тиіс басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында танылады Уағдаласушы Тараптың соты қарауға құқылы даулар 4-бабының ережелеріне сәйкес дауларды шешу тәртібі туралы Келісімнің, шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты.

3-бап

Заңды күшіне енген шешімі бір Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотының құрылғанына басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында даусыз тәртіпте.

Борышкердің мүлкінен өндіріп алу жүргізіледі мемлекеттің заңнамасына сәйкес орналасқан жері бойынша борышкердің өндіріп алушының өтініші Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотына, оған өтініш беруші табыс етуге міндетті:

тиісті түрде куәландырылған көшірмесін құзыретті соттың шешімін растау туралы оның заңды күшіне енуі (егер ол көрінбесе, мәтіннен ең шешімдер), мәжбүрлеп орындату туралы, оның қозғалды өтініш;

*1998 жыл 6 наурыз “Москва келісімі”  
Шаруашылық және экономикалық атқарушы істер бойынша ТМД  
мемлекеттерінің өзара келісімі*



- «Бір Уағдаласушы Тараптың заңды күшіне енген құзыретті сотының шешімі екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында сөзсіз орындалады.
- ***Қарыз алушының мүлкін өндіріп алу өндіруші өтініші бойынша өтініш беруші Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотына өтініші бойынша борышқор орналасқан мемлекеттің заңына сәйкес жүзеге асырылады:***
  1. құзыретті соттың заңды күшіне енгенін растайтын (егер бұл шешімнің мәтінінен көрінбесе) шешімінің тиісті түрде расталған көшірмесі, оны орындау туралы өтініш жасалған;
  2. борышкердің сот отырысына қатысуы туралы, ал келмеген жағдайда - борышкерді сот талқылауы туралы тиісті хабардар ету туралы құзыретті соттың құжаты;
  3. атқарушы құжат.
- Шешімнің орындалуы немесе шешімі Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағында ішінара орындалған жағдайда, осы фактіні растайтын құжаттар, сондай-ақ қалған соманы немесе мүлікті қалпына келтіруді талап етеді.»

#### **4-бап**

Құзыретті соттың шешімдерін орындаудың басымдықты тәртібі, рәсімдері, шектеулері мен шаралары аумағында жинау жүзеге асырылатын Уағдаласушы Тараптың заңнамасымен айқындалады. Өтеу осы Уағдаласушы Тараптың өзінің сотының шешімінің орындалуымен бірдей шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекет кепілдік беру жағдайларын қоспағанда, мемлекет заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

#### **5-бап**

Осы Келісімге сілтеме бар, сондай-ақ осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген құжаттардан тұратын шығынды өтейтін құжаттың негізінде борышкерге қызмет көрсететін банк борышкердің банктік шотынан есептен шығарылған соманы құрайды. Сонымен бірге, өтемді төлеуші сот отырысында борышқордың қатысуын растайтын құзыретті сот куәландырған құжатты немесе соттың назарына жеткізу туралы борышқорды уақтылы алу туралы құжатты табыс етуге міндетті.

#### **6-бап**

Өтініш беруші ұсынған құжаттар орыс тілінде жазылған.



## **7-бап**

құзыретті сот, заттай осы саладағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес борышкердің мүліктің орналасқан жері бойынша сот сот орындаушысының көзделген шешімнің орындалуын белгілі бір мүлікті тәркіленген керек болса.

## **8-бап**

Банк экономикалық қызметті жүзеге асыруға қатысты дауларды реттеу туралы Келісімнің 9-бабында көзделген өзге де негіздер бойынша осы Келісімнің 3-бабына, немесе шешім жүзеге асыруға дәлелді қарсылықтарды борышкердің қолхатта көрсетілген құжаттардың соңғы орындалмаған жағдайда төлем құжаты жоқ Шағымданушыға қайтарады.

Бұл жағдайда, кредитор шаруашылық қызметін жүзеге асыру қатысты дауларды реттеу туралы келісімнің 8-бабында көзделген тәртіппен борышкер орны құзыретті сотқа борышкердің мүлкін сот үкімімен немесе өндіріп алу орындалуын қамтамасыз рұқсат туралы өтініш беруге құқығы бар.

## **9-бап**

Осы Келісімнің 8-бабында көзделген жағдайда, сот өтінішті қараудың уақыты мен орны туралы борышкерге хабарлай отырып, соттың ашық отырысында өтінішті қарайды.

Істі қараған кезде, борышкердің өтініші бойынша сотқа қатысушы мемлекеттің сотының өкілдері қатыса алады.

Өтінішті қарауға кедергі болып табылмайтын, сотқа сотқа хабарлама берілген борышкердің дәлелсіз себептері болмаса, ол болмайды.

Егер борышкер өтінішті қарауды кейінге қалдыру туралы өтінішпен сотқа шағымданса және сот бұл талапты заңды деп танса, сот отырысты кейінге қалдырады және қарыз алушыға өтінішті қарау үшін жаңа уақытты хабардар етеді.

Сот шешімін орындау кезінде өндіруші шаруашылық қызметті жүзеге асырумен байланысты дауларды шешу тәртібі туралы Келісімнің 8 және 9-баптарының ережелерін сақтамаған жағдайда ғана бас тартылуы мүмкін.

- *Назарларыңызға рахмет!;)*

